

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

2. Баранов А.Н., Добровольский Д.О. Новый толковый словарь русского языка. М., 1998.
3. Барышникова, С.В. Русские словари иностранных слов XIX века как вид лингвистических словарей., 2006.
4. Статьи в научных журналах, посвященных тематике исследования, например, "Автоматическое извлечение ключевых слов из текстов" Александра Федоренко и Алексея Кузнецова.
5. Статьи и книги по теме лингвистики и лексикографии, например, "Лексикология английского языка" И. Р. Гальперина или "Курс лекций по теории лексикографии" В. Н. Ярцева.

ТУРИСТЕР ҮШІН ГЕОГРАФИЯЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕНІ ӘЗІРЛЕУ

Арапбаев Нурсултан Лесбекұлы

nurik.arapbaev2002@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Ақпараттық технологиялар» факультетінің студенті,
Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Т.Оспанова

Андатпа. Бұл мақалада Android және iOS платформаларында туристер үшін географиялық ақпараттық жүйені әзірлеудің өзектілігі қаралып, мобилді қосымшаларға шолу жасалды. Зерттеу нәтижесінде туристер үшін географиялық ақпараттық жүйені әзірленді. Зерттеу нәтижелерін қала тұрғындары мен туристеріне қауіпсіз әрі жайлы жағдай жасау мақсатында қолдануға болады.

Кілттік сөздер: мобилді қосымша, мобилді құрылғы, ГАЖ, iOS, Android, Figma, React Native, Expo GO.

Кіріспе

Технология саяхат тәжірибесіне терең әсер ететін дәуірде Географиялық Ақпараттық Жүйелер (ГАЖ) бүкіл әлем бойынша адамдардың қауіпсіздігі мен ыңғайын арттырудың негізі болды. ГАЖ қосымшалары тек туристердің ғана емес, қала тұрғындарының да өмірін жеңілдету үстінде. Күн сайын жаңа өзгерістерге толып жатқан бұл сала сан түрлі функциялармен жабдықталып жатыр.

2023 жылы қаңтар-қыркүйек аралығында елімізге 834,9 мың шетелдік турист келген. Бұл бір жыл бұрынғы көрсеткіштен 225 мың адамға көп, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 37 пайызға артып, Қазақстанға 609,8 мың шетелдік келген, деп хабарлайды ҚР Туризм және спорт министрлігі.[1]

1. ГАЖ мобилді қосымшаларына шолу жасау

Елімізде Android және iOS базасындағы смартфон тұтынушылары ГАЖ қосымшаларының түр-түрін белсенді түрде қолданады. Олардың алдыңғы қатарларына қысқаша тоқталып өтсек:

1. 2GIS - автомобильдер мен жаяу жүргіншілерге арналған қала карталары мен навигаторы бар егжей-тегжейлі нұсқаулық.[2] Forbes журналының рейтингі бойынша 2GIS қосымшасы Қазақстанда 2022 жылдың ең үздік қосымшасы деп танылып, осы мәртебесін 2023 жылы да сақтап қалған.[3] Және басты қуантарлығы, 2GIS қосымшасының іздеу жүйесінде жер сілкінісі кезінде адамдарды қабылдау пунктері туралы ақпараттар енгізілген. Еске сала кетсек, Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері Қазақстан Республикасы Парламенті сенаторларына ауқымды төтенше жағдай (жер сілкінісі) болған жағдайда қалада баспанасыз қалған зардап шеккен халықты қабылдау үшін 384 қабылдау пункті жұмыс істейтінін айтты.[4]

2. Apple Maps - Apple компаниясы ұсынған, iOS өнімдеріне кіріктірілген ГАЖ өнімі. [5]

3. Яндекс Карты и Навигатор – Яндекс компаниясы ұсынған ГАЖ өнімі. [6]

Жоғарыда аталған қосымшалар кішігірім өзгерістерін санамағанда бір функцияны орындайды. Сонымен қатар тек Қазақстан ауқымында ғана емес, әлемдік ауқымда жұмыс істейтін Google Maps қосымшасы бар. Бұл қосымша басқаларға қарағанда әлемдік картаны толығырақ қамтиды және басқа қосымшалардан функциялары көбірек.[7]

Аталған қосымшалардың өзара осал және озып тұрған тұстары жетерлік. Мәселен, 2GIS қосымшасында Яндекс, Apple және Google карталарына енгізілген 360 градустық көрсетілім функциясы жоқ. Бұл функция жаңа келген туристерге айналасына қарап, көшеде бағдар алуға үлкен көмегін береді. Ал сауда-ойын-сауық орталықтары ішіндегі сызбаны егжей-тегжейлі көрсету функциясы, керісінше, тек 2GIS қосымшасында қолжетімді. Бұл функция орталық ішіндегі дүкендерді қосымша ішінен-ақ табуға және үлкен ғимараттан апатты жағдайда тез арада шығуға мүмкіндік береді.[8]

2. Туристер үшін ГАЖ жобалау. Figma, React Native, Expo GO көмегімен қолданбаны жобалау

Figma — веб-сайттарды, қолданбаларды және басқа дизайн өнімдерін бірлесіп жобалауға арналған графикалық редактор. Ол 2016 жылы Sketch және Adobe XD аналогы ретінде пайда болды, бірақ бірнеше жылдан кейін ол дизайнерлер арасында ең танымал құралдардың біріне айналды.[9] Қолданбаны әзірлеу жақын маңдағы ауруханалар мен қауіпсіз аймақтарды анықтауға арналған қарапайым карта интерфейсін қоса алғанда, жедел жәрдем мүмкіндіктеріне оңай қол жеткізуге басымдық беретін қарапайым орналасуды жасауды қамтиды. Дизайн кезеңі туристердің ең аз экранды басу арқылы маңызды ақпаратты таба алуын қамтамасыз ете отырып, пайдаланушы тәжірибесіне назар аударады, бұл қолданбаны саяхат кезінде сенімді серіктес етеді.


Дайын болған дизайнды React Native ортасына код арқылы көшіріп, қолданбаны сандық нұсқаға айналдыру – жұмыстың екінші кезеңі. React Native - iOS және Android үшін жергілікті мобильді қолданбаларды жасауға мүмкіндік беретін танымал JavaScript негізіндегі мобильді қолданбалар негізі. Фреймворк бір кодтық базаны пайдаланып әртүрлі платформалар үшін қолданбаларды жасауға мүмкіндік береді.[10]

Expo Go – Android және iOS құрылғыларында React Native қолданбасын үйренуге және тәжірибе жасауға арналған тегін, бастапқы көзі ашық құм жәшігі. Сіз оны қолданбалар дүкендерінен тікелей орната аласыз және бірнеше минут ішінде жұмыс істей аласыз — жергілікті құралдар тізбегін орнату және қолданбаны құрастырудың қажеті жоқ[11] React Native арқылы жазылып жатқан кодты Expo Go арқылы телефоннан көріп, бірден қателерін түзеп отыруға мүмкіндік береді. Сурет 1-де React Native қолданбасында жазылған кодты Expo Go қолданбасына жіберу пәрмені көрсетілген.


```
web bundler 76586 (C:\Users\nurik\mapapp\node_modules\expo-router\error.js)
A bundling failed 3441ms (C:\Users\nurik\mapapp\node_modules\expo-router\node\render.js)
Unable to resolve "../utilities/Platform" from "node_modules/react-native/libraries/ReactPrivate/ReactNativePrivateInterface.js"
> Stopped server
PS C:\Users\nurik\mapapp> npx expo start
Starting project at C:\Users\nurik\mapapp
(node:20424) [DEP0040] DeprecationWarning: The `punycode` module is deprecated. Please use a userland alternative instead.
(Use `node --trace-deprecation ...` to show where the warning was created)
> Port 8081 is being used by another process
Use port 8082 instead? ... yes
Starting Metro Bundler
> Metro waiting on exp://172.20.10.3:8082
> Scan the QR code above with Expo Go (Android) or the Camera app (ios)
> Web is waiting on http://localhost:8082
> Using Expo Go
> Press s | switch to development build
> Press a | open Android
> Press w | open web
> Press j | open debugger
> Press r | reload app
> Press m | toggle menu
```

Сурет 1. React Native қолданбасында жазылған кодты Expo Go қолданбасына жіберу пәрмені

Бұл программада: басты меню, текст және карта пайдаланылды. Программаны іске қосқан кезде мобилді құрылғыларға арналған қолданбаның басты беті ашылады. Қолданба шұғыл әрекет етуге бағытталғандықтан, бірінші беттен-ақ қолданушыны карта мен жақын жердегі медициналық орындарды таңдау мүмкіндігі шығады. Одан бөлек менюда «Үй», «Айрықша орындар», «Айырбастау», «Профиль» батырмалары бар, бұл батырмалар туристерге төтенше жағдай кезінде өз орнын, өздері белгілеген нүктелерді табуға және қолдарындағы басқа валютаның ақшасы теңгеге шаққанда қанша болатынын білуге арналған. Бөлімдерге мысалдар 1, 2 суреттерде көрсетілген.



Сурет 2 – «Медициналық нүктелер» бөлімі



Сурет 3 – «Айырбастау» бөлімі

Қорытынды

Кез келген өңірде, кез келген жағдайда жолды білмеу үлкен қиындықтарға әкелуі мүмкін. Ал ол жағдай қауіп төндіретін болса, адам өмірі қыл үстінде тұрады. Сондықтан осындай қосымшаларды жасауға үлкен назар аударылғаны маңызды, өйткені бұл тек пайдалы құрал ғана емес, адам өмірін сақтап қалуға үлкен көмегін тигізетін жәрдемші. Адам өміріне маңызды өнім шығару кез келген салада басты қағида, маңызды орынды алатын ой, сондықтан, осындай идеяларға көңіл бөлінсе, еліміздің болашағы жарқын болмақ. ГАЖ қосымшаларын талдай отырып, туристерге арналған ГАЖ қосымшасы әзірленді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://shorturl.at/dzBG5>
2. <https://apps.apple.com/ru/app/2%D0%B3%D0%B8%D1%81-%D0%BA%D0%B0%D1%80%D1%82%D1%8B-%D0%BD%D0%B0%D0%B2%D0%B8%D0%B3%D0%B0%D1%82%D0%BE%D1%80-D0%B4%D1%80%D1%83%D0%B7%D1%8C%D1%8F/id481627348>
3. <https://forbes.kz/leader/top-30 mobilnyih prilozheniy kazahstana - 2023 1695006170/>
4. https://forbes.kz/news/2023/02/23/newsid_295748
5. <https://apps.apple.com/ru/app/%D0%BA%D0%B0%D1%80%D1%82%D1%8B/id91505676>
6. <https://apps.apple.com/ru/app/%D1%8F%D0%BD%D0%B4%D0%B5%D0%BA%D1%81-%D0%BA%D0%B0%D1%80%D1%82%D1%8B-%D0%B8-%D0%BD%D0%B0%D0%B2%D0%B8%D0%B3%D0%B0%D1%82%D0%BE%D1%80/id313877526>
7. <https://apps.apple.com/us/app/google-maps/id585027354>
8. <https://revvy.ai/blog/tpost/vu752d4ez1-yandeks-karti-2gis-google-maps-что-эффек>
9. https://skillbox.ru/media/design/что_такое_figma/
10. <https://habr.com/ru/articles/596183/>
11. <https://docs.expo.dev/get-started/expo-go/>

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРИМЕНЕНИЯ МАШИННОГО ОБУЧЕНИЯ В КРЕДИТНОМ СКОРИНГЕ

Байтемиров Мадияр Ерланович

madiyar5155@mail.ru

Студент факультета информационных технологий, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – А. Муханова

Аннотация. Данное исследование посвящено применению методов машинного обучения в кредитном скоринге с целью разработки эффективных моделей прогнозирования. Акцент делается на точности предсказания вероятности дефолта и высокой интерпретируемости моделей для обоснованного принятия банковских решений. Исследование основано на анализе данных из набора Home Credit с Kaggle.com и проведении экспериментов над различными моделями классификации, такими как lgb.LGBMClassifier, LogisticRegression, и LinearDiscriminantAnalysis. Результаты исследования могут быть полезны как для финансовых учреждений, так и для области управления рисками и персональных финансов.

Ключевые слова: Нейронная сеть, машинное обучение, data science, анализ данных, математическая модель.

Введение. В современном мире финансовых отношений кредитный скоринг стал ключевым инструментом для оценки кредитоспособности заемщиков. С целью минимизации рисков и обеспечения финансовой устойчивости банковской системы, анализ данных стал